Қауіпсіз орындарды алдын ала анықтап алыңыз. Төбені көтеріп тұрған қабырғалардың ішкі бұрыштары, мықты үстелдің асты, берік кресло, диван және төсектің жаны қауіпсіз орындар болып табылады.

- Балаларды, сондай-ақ басқа да жанұя мүшелерін қауіпсіз орындарда отыруға және неғұрлым қауіпсіз ахуалда болуға үйретіңіз.




# Төтенше жағдайларға орай құрылған жанұя жоспары Шығу жолдары



## Шығу жолдары

- Жер сілкінісінің түн уақытында да болуы мүмкіндігін ескере отырып, үйден тез шығуға болатын қысқа әрі қауіпсіз жолды анықтаңыз. Өйткені, жер сілкінісі кезінде есіктердің ашылмай қалуы мүмкін.



- Егер де үйіңіздің есіктері мен терезелері темір тормен қапталған болса, төтенше жағдайлар кезінде оларды ашу керек болады. Міне, сондықтан үйіңізде сүймен ұстағаныңыз жөн.

- Егер де төтенше жағдайлар кезінде заттардың құлап немесе жылжуы үйден шығуға бөгет жасайтын болса, оларды орындарынан алып тастаңыз. Бұндай заттарға есіктердің сыртында оралып тұрған кілемдер мен шаң сорғыштар жатады.



# **Төтенше жағдайларға орай құрылған жанұя жоспары**

## **Азық-түлік және су**

### **Азық-түлік және су**



- **Су тіршілік үшін өте қажет. Бір адамға күніне 4 литр суды дайындап қою керек. Ол ең кем дегенде 3 күнге жетуі керек.**
- **Азық-түлікті сақталу мерзіміне қарай алыңыз.**
- **Су мен азық-түлік қорын 6 ай сайын жаңартып тұрыңыз.**


# Төтенше жағдайларға орай құрылған жанұя жоспары

## Жарық, газ және суды сөндіру



### Жарықты, газды және суды өшіру

- Жанұяның әрбір мүшесі жарықты, газды және суды қалай өшіру керектігін білу керек. Жер сілкінісі бола қалған жағдайда ең алдымен жоғарыда аталғандарды сөндіріңіз.
- Жер сілкінісінен соң туатын тағы бір қауіптің бірі - өрт. Егер газдың иісін сезе қалсаңыз, оны дереу өшіріңіз.
- Егер электр сымының үзіліп қалу қаупі бола қалған жағдайда, электрді сөндіріңіз.
- Барлық электр жабдықтарын сөндіру керек.
- Егер су құбырларына зақым келген болса, онда суды өшіру керек.





# Төтенше жағдайларға орай құрылған жанұя жоспары

## Кездесу орны

### Кездесу орны



- Егер жер сілкінісі жұмыс уақытында бола қалса, адамдар бір-бірін қалай іздеп, қай жерде жиналып және өз жақындарының тағдыры жөнінде кімнен сұрап біле алады?
- Жиналатын орынды үйіңізден тыс, өзіңіз тұратын ауданнан алшақ жерден таңдаңыз.  
Балаларды әке-шешелері, туыстары немесе жолдастары алып кетпейінше, олар мектепте қала беруі қажет.
- Жанұя жоспарын жиналу және балаларды балабақша мен мектептен көшіру жоспарымен байланыстыра отырып құрыңыз.
- Жанұя мүшелерінің бір-біріне хабарлама тастап отыруы үшін, үйден тыс жерден бір орынды дайындап қойыңыз.





**Төтенше жағдайларға орай құрылған жанұя жоспары  
Телефонды тек аса қажет болғанда ғана қолданыңыз**

## **Телефонды тек аса қажет болғанда ғана қолданыңыз !**



- Жер сілкінісінен кейін телефон жүйесін ұзақ қолдануға болмайды, себебі жедел көмек күтіп отырған басқа біреуге телефон байланысының керек болуы мүмкін.
- Ең керек деген 2-3 жерге ғана қоңырау шалуыңызға болады.
- Егер телефон трубкасы құлап қалған жағдайда, орнына қайта қойыңыз. Бұл алаңдаушылыққа жол бермейді.



# **Төтенше жағдайларға орай құрылған жанұя жоспары**

**Байланысты үздіксіз жүргізіп отыру үшін, ауданыңыздан тыс жерден бір адамды тағайындап қойыңыз**

**Байланысты үзіп алмау үшін, ауданыңыздан тыс жерден бір адамды тағайындап қойыңыз**

- **Жер сілкіністерінен кейін телефон жүйелері істен шығып қалуы мүмкін.**




- **Байланысты жүргізіп отыру үшін, ауданыңыздан тыс жерден бір адамды дайындап қойыңыз. Ол кісі жөнінде туыстарыңызға айтып қойыңыз.**
- **Туыстарыңыз бен жолдастарыңыздың тізімін осы кісіге беріңіз.**
- **Ал жолдастарыңызға осы кісінің байланыс телефоны мен мекен-жайын беріңіз.**



# Төтенше жағдайларға орай құрылған жанұя жоспары Құжаттар көшірмесі

## Маңызды құжаттардың көшірмесін әзірлеп қойыңыз.



- Стихиялық апаттан кейін үйіңізге қайтып оралу мүмкін емес деп ойлайықшы. Сондай жағдайда, ойланып көріңізші, күнделікті тіршілікті әрмен қарай жалғастыру үшін сізге қандай құжаттар қажет болады? Міне, сол құжаттардың көшірмесін әзірлеп қойыңыз.
- Бұл құжаттарды басқа ауданда тұратын туыстарыңызға салып жіберіңіз немесе су өтпейтін пластикалық сөмкеде сақтаңыз.

# Төтенше жағдайларға орай құрылған жанұя жоспары

## Шам, аяқ-киім және жұмыс қолғаптары



Шам, аяқ-киім және жұмыс қолғаптарын  
төсектің жанында ұстаңыз.



Егер жер сілкінісі түн ортасында бола қалса,  
қараңғыда сыртқа шығатын жолды  
сүрінбей табу үшін және аяқ-қолыңызды  
қорғау үшін осы заттар қажет болады.

- Төсек орнының жанында қол шам, аяқ киім және жұмыс қолғаптарын сақтаңыздар.

# Төтенше жағдайларға орай құрылған жанұя жоспары

## Отты немесе жалынды жақпаңыз



### Отты немесе жалынды жақпаңыз !!!



- Жер сілкінісінен кейін газ құбырларының тесіліп қалмағандығына көзіңіз жетпейінше, отты жақпаңыз.
- Өрт ошақтарын табуға тырысып, оларға қарсы өрт сөндіру шараларын жүргізіңіз.
- Шылымды сөндіріңіз.





# **Төтенше жағдайларға орай құрылған жанұя жоспары**

## **Керекті заттар жинағы**

**Төтенше жағдайлар кезінде қажет болатын заттар жинағы**



- **Сіздің жанұяңыздың төтенше жағдайларға арналған жинағы жанұя мүшелерінің күнделікті қолданатын заттарынан тұруы тиіс.**
- **Алғашқы көмек көрсетуге арналған аптечканы дайындап қойыңыз.**
- **Егер сіз немесе сіздің жақындарыңыз тұрақты түрде белгілі бір дәрі-дәрмектерді қабылдап жүрген болса, ол дәрілердің де қорын дайындап қойыңыз.**

# Төтенше жағдайларға орай құрылған жанұя жоспары

## Бірінші кезекте қажет болатын заттар жинағы



### Төтенше жағдайлар кезінде бірінші кезекте қажет болатын заттар жинағы :



- Су
- Азық-түлік
- Батарейкалы радио
- Шам
- Қосымша батарейкалар
- Алғашқы дәрігерлік көмек көрсету жинағы



- Киім-кешек
- Ақша
- Бәкі
- Ысқырық
- Қағаз бен қалам
- Балаларға, қарттарға және кемтар кісілерге қажетті заттар
- Бір аптаға жететін керекті дәрі-дәрмек қоры



- Қажетті құжаттар мен телефон нөмірлерінің тізбесі

**Бірінші кезекте қажет  
болатын заттар**

**жинағындағы суды, дәрі-  
дәрмекті және азық-түлікті әр  
6 ай сайын ауыстыру қажет.**






# Жер сілкінісі барысында жинақталатын тәжірибе

Жер сілкінісі кезінде өзін қалай ұстау керектігі жөнінде тәжірибе жинақтау үшін төменде берілген жаттығуларды үйде, мектепте немесе жұмыс орнында жасаңыз.

**Отырыңыз, бүркеніңіз, күтіңіз.**

- Алдымен қауіпсіз орынды тауып, сол жерге отырыңыз.
- Басыңыз бен мойныңызды жабыңыз.
- Берік әрі нық нәрсеге сүйеніңіз.
- Терең дем алыңыз және алаңдамаңыз
- Жер сілкінісі бітпейінше, отырған орныңызда қала беріңіз.





# Өрттің алдын алу шаралары мен өрт қауіпсіздігі

## Жер сілкінісі салдарынан туатын өрт қаупі



- Электр желісі мен электр қондырғылары
- Жылыту жабдықтары мен пештер
- Табиғи газ бен сұйытылған газға арналған баллондар
- Тұтанғыш заттар мен жарылу қаупі бар сұйықтықтар.



**Өрт ошақтарын жою – бұл ең маңызды шаралардың бірі. Жер сілкінісінен кейін өрттің шығуы әбден мүмкін, ал оны сөндіру өте қиын. Сондықтан, өрт қауіпсіздігі шараларын жүргізудің маңызы өте зор.**

# Өрттің алдын алу шаралары



## Өрттің алдын алу үшін қандай шараларды жүргізу қажет?



- Балаларға отпен ойнамау керектігін түсіндіру қажет
- Өртенгіш заттарды жылу ошақтарынан алшақ жерде ұстаңыз.
- Шылымды жатып шекпеңіз (көптеген жағдайларда темекі өрттің шығуына себепші болады)
- Зақымданған электр желісін ауыстырыңыз.
- Көп айыршықтарды электр желісіне қоспаңыз.
- Үйіңізде бір немесе екі өрт сөндіргішті ұстаңыз.
- Өрт жағдайы ескеріліп жасалған қосалқы шығу жолының әрдайым ашық тұрғандығын тексеріңіз.
- Үйіңізде, жұмыс орнында және мектепте түтін индикаторын орнатыңыз.





# Егер сіз өртті көре қалсаңыз...

**Өрт көздерін сөндіруге бағытталған бірнеше қарапайым ережелер бар.**



- Егер өрт аумағы аз болса, сіз оны дереу өшіруіңіз керек.
- Адамдарға хабарлап, көмек сұраңыз. Телефон соғыңыз.



- Ғимарат ішіндегі адамдарға хабар жеткізіңіз.
- Өрт аумағын азайту үшін, өрт шығып жатқан бөлменің есігін жауып қойыңыз.
- Тез арада ғимараттан шығыңыз!

# **Қайталанатын құбылыстар мен басқа да стихиялық апаттар**

- **Жер сілкінісінен кейін басқа да стихиялық апаттардың пайда болуы мүмкін. Мұндай апаттардан келетін шығын жер сілкінісі салдарынан туатын шығындардан кем емес.**
- **Оларға: өрт, су тасқыны, көшкіндер, лай және қар көшкіндері жатады.**
- **Осы және басқа да стихиялық апаттар жер сілкінісінсіз-ақ пайда бола береді.**



# Аумағы аз өрт ошақтарын сөндіру

**Өрттің өршуіне 3  
нәрсе себепші болады:**

**Жанғыш заттардың  
болуы, жоғары  
температура және ауа.  
Осы аталғандарды  
болдырмауға  
тырыссаңыз, шағын  
өрттің өршуіне жол  
бермей, тез сөндіре  
аласыз.**

**Аумағы үлкен өрт кішкенедең  
басталады.**

Әр адам шағын өрт ошақтарын сөндіру  
жолдарын үйрене алады.

Шағын өрт ошақтарын төмендегідей  
әрекеттер арқылы сөндіруге болады:

- Егер оны сүлгімен, көрпемен немесе сол сияқты басқа да бұйымдармен жапса.
- Егер оның үстіне құм төксе.
- Егер өрт сөндіргішті қолданса.
- Егер өрт шлангысын қолданса.





# Егер сіз өрт орамында қалсаңыз

**Көптеген жағдайларда кісі өлімі өрттен емес, түтіннен болады.**

- **Төменге қарай отырыңыз**
- **Бетіңізді ылғал матамен жабыңыз.**
- **Қауіпсіз шығу жолына қарай беттеңіз.**
- **Қызып тұрған есікті ашпаңыз.**
- **Егер шығу жолы болмаса, есікті жауып оның астыңғы жағын ылғал сүлгімен нығыздап қойыңыз.**
- **Егер сіз өрт пен жалғыз шығу жолы арасында қалсаңыз, кідірместен шығу жолына қарай жүгіріңіз.**







# Егер киіміңізді өрт шалған болса

**Жерге немесе еденге құлап, аунаңыз.**

- **Көмекке шақырыңыз.**
- **Тоқтаңыз. Жүгірмеңіз.** Егер сіз жүгіре жөнелсеңіз, оттегінің де мөлшері көбейеді. Егер тұра қалсаңыз, жалын бүкіл денеңіз бен қолыңызды қамтып алады.
- **Жерге қарай құлаңыз.** Жерге жатып, бетіңізді қолыңызбен бүркеңіз.
- **Аунаңыз.** Жалынды сөндірмейінше, еденде аунай беріңіз.
- Егер басқа біреудің де денесіне от тиген болса, оны осы әрекеттерді жасауға, яғни жерге жатып, бүркенуге және аунауға көндіріңіз.
- Ешқашан жанып жатқан отқа мұз тастамаңыз. Отқа ешнәрсе тастауға болмайды. Отқа 10-15 минуттай су құйыңыз.



# Өрт сөндіргішті қалай қолдану керек?

## **Мерзімді анықтайтын көрсеткіш:**

Баллонның толық немесе оны толтыру қажет екендігін шкаладан көре аласыз.

## **Ине:**

Өрт сөндіргішті іске қосу үшін инені тартқылауыңыз керек.

## **Саптама:**

Оның тұмсығы отқа қарай бағытталуы тиіс.

## **Шланг:**

Жоғары сапалы, қолдануға оңай әрі иілмелі болуы керек.

## **Таңба:**

Өрт сөндіргіштің түрін және оны қалай қолдану керектігін көрсетеді.

## **Нұсқа :**

Нұсқада жарамдылық мерзімі көрсетіледі.



# Өрт сөндіргішті қалай қолдану керек?

## **Т.Б.Б.Ш. (Тартқылаңыз, Бағыттаңыз, Басыңыз, Шашыратыңыз)**

1. Өрт сөндіргішті іске қосу үшін инені тартқылаңыз.
2. Оны өртке қарай бағыттаңыз. Өрт сөндіргішті өртке қарай тік бағытта ұстаңыз; улы материалдардың тарап кетпеуіне және улы газдарды жұтып қоймау жолын қарастырыңыз.
3. Ағынды шашырату үшін саптаманы басыңыз. Алдымен өрт сөндіру жұмысын алшақтау жерден бастаңыз, өрт аумағының біртіндеп азаюына байланысты оны жақын жерден сөндіруге болады.
4. Өртті толық сөндірмейінше, ағынды тоқтатпай, өрттің барлық аумағын қамтып, шашырата беріңіз. Өрт сөндіргішті қолданған соң, ол бос болмаса да қайтадан толтыру қажет.



**Т.Б.Б.Ш.**

**(Тартқылаңыз, Бағыттаңыз, Басыңыз, Шашыратыңыз)**


**Т.Б.Б.Ш.**



**Тартқылаңыз**



**Бағыттаңыз**



**Басыңыз**



**Шашыратыңыз**

# Су тасқыны

Су тасқынын бақылауды оған жауапты мемлекеттік қызметтер жүзеге асырады.

Қауіпті жағдай жөнінде халыққа ХАБАРЛАНАДЫ.

**Неғұрлым биік жерге шығып алыңыз !!!**



# Көшкін және тасты лай ағыны

## •Көшкін алдында:


Көшкін жүру қаупі бар жерлерді анықтаңыз

- Байқалған көшкіндерлі зерттеңіз
- Тоғандардағы су деңгейінің өзгеруінен қауіптеніңіз




## Қатты нөсер кезінде:

- Ұйықтамай, барынша сергек болыңыз
- Теледидар мен радио хабарларына құлақ түріп отырыңыз.
- Іс-әрекетіңіздің қауіпсіз екендігіне сенімді болған жағдайда ғана, тұрағыңызды тастап кетуге дайын болыңыз.
  - Көлік жүргізу кезінде сақ болғайсыз.
  - Сел тасқынының қозғалысына құлақ түріңіз.
  - Мүмкіндігінше, екінші қабатқа ауысыңыз.
- Өзен суының тұнықтылығының кенет өзгеруінен қауіптеніңіз.

# Көшкін және сел



# Су тасқындары



# Көшкіндер мен селдер

## Көшкін кезінде:

- Көшкін мен сел жүретін жерден тез арада кетіңіз.
- Қауіпсіз жерге өтіңіз.
- Егер кете алмай қалсаңыз, жүрелей отырып, басыңызды қорғаңыз.

## Көшкіннен кейін:

- Көшкін жүріп өткен аймақтан алыс жерде тұрыңыз.
- Көшкін жүріп өткен аймаққа бармай-ақ, жарақат алғандар мен көшкін кезінде сол аймақта болған адамдардың санын тексере аласыз.
- Маңызды мәліметтеріңіз болса, құтқарушылармен бөлісіңіз.
- Мәліметтер мен нұсқауларға көңіл бөліңіз.
- Көшкіннің қайта болуын күтіңіз.
- Ойпаң жерден аулақ кетуге тырысыңыз.
- Шығынды анықтаңыз.
- Опырылып қалған жерді тығыздаңыз.

# Қарлы боран

## Дауыл алдында

Жанұяңыздың жоспарына сәйкес қимылдаңыз.

Көрпе, жылы сырт киім, бас киім, қолғап, аяқ киім сияқты керекті заттарды көлігіңізге салып қойыңыз.

- Күшейіп келе жатқан боран туралы біліп тұру үшін радио мен теледидарға құлақ түріңіз.
- Беталды қыдырмай үйде отырыңыз.
- Төтенше жағдай бола қалса жанар май толы канистріңіз дайын тұрсын.
- Егер бір жаққа шығатын болсаңыз сіздің қайда екеніңізді, жүретін жолыңызды, келетін уақытыңызды біреу білуі керек.



# **Қарлы боран**

## **Қарлы боран кезінде**

- Егер сізге сыртқа шығу қажет болса, дененің жылылығын сақтап тұру үшін үстіңізге бірнеше қабат, жылы әрі жеңіл киімді киіңіз. Басыңызды да жылы орап, қолғап киіңіз және аузыңызды ашпауға тырысыңыз.
- Қар мен мұз басқан жерден ақырындап өтіңіз.
- Егер көлігіңіз жүрмей қалса, одан шықпай, отыра беріңіз. Көлігіңіздің антеннасына ашық түсті (қызыл) бауды байлаңыз.
- 10 минут сайын автокөліктің пешін өшіріп тұрыңыз. Сізді байқасын десеңіз, көліктің жоғарғы жарығын қосулы күйде қалдырыңыз. Газдың көлік ішіне өтіп кетпеуі үшін түтін шығатын құбырды таза ұстаңыз.
- Қан айналымының дұрыс болуы және аяқ-қолдарыңызды жылы ұстау үшін, аяқ-қолдарыңыз үнемі қозғалыста болуы керек.
- Көліктің ішін желдету үшін, оның ық жағындағы терезесін кішкене ашыңыз.

## **Қарлы бораннан кейін**

- Сақ болыңыз және қар күреймін деп әуре болмаңыз.

# Құрғақшылық

**Төмен ауа ылғалдылығы жағдайында ұзаққа созылған ыстық аптап құрғақшылық деп аталады. Мұндай кезде:**

- **Жылулық қалтырау**
- **Жылулық әлсіреу**
- **Ыстық өту сияқты жағдайларға ұшырауымыз мүмкін.**

**Не істеу керек?**

- **Көп қозғалмай, салқын бөлмеде тыным алыңыз.**
- **Жеңіл әрі ақшыл түсті киім киіңіз. Желдеткішті қосыңыз.**
- **Шөлдеп тұрмасаңыз да су және басқа да сусындарды көп мөлшерде ішуіңіз керек.**
- **Кофе немесе алкогольдік ішімдіктерді ішуге мүлдем болмайды.**
- **Тағамды аз мөлшерде ғана жеу керек және протейіні көп тағамдарды жеуге болмайды.**

## **Құрғақшылық**

**Егер біреу-міреудің ыстығы көтеріліп, жылулық әлсіреу байқалған болса:**

Ол кісіні салқын жерге апарыңыз.

15 минут сайын жарты стакан су беріп тұрыңыз.

Ол кісі жақсылап тынығуы керек.

Оның бұлшық еттерін ақырындап уқалаңыз.

Денесін қысып тұрған киімді шешіп, дымқыл киімді кигізіңіз.

**Егер кімде-кімге ыстық өтсе:**

Денесін салқындату үшін қандай да болсын әрекетті жасаңыз.

Тез арада дәрігерді шақырыңыз.



Оны міндетті түрде жатқызу керек.

Егер ол лоқсып немесе басы айналса, оған су және басқа да сусындарды беруге болмайды.

# **«Я.Б.Х.» - стихиялық апаттар**

## **Басқа жерге көшу ме ?**

**Ядролық, биологиялық және  
химиялық апаттар кезінде  
адамдарға міндетті түрде бернеше  
сағаттың ішінде көшуге тура келеді**





## ***IV. Жер сілкінісі кезінде және одан кейін***



- **Жер сілкінісі кезінде**
- **Жер сілкінісінен соң**
- **Эвакуация**
- **Психологиялық көмек**





# Жер сілкінісі кезінде

Егер де сіз жер сілкінісін сезе қалсаңыз және сіздің айналаңызда басқа да кісілер болған жағдайда өзіңіз жаттығу кезінде дайындалғаныңыздай, айналадағы кісілерге апат жөнінде ескерту үшін «жер сілкінісі» деп айқайлаңыз. Бұл күшті жер сілкінісі емес, дегенмен сіз үшін тағы да бір жаттығу деп біліңіз. Бұндай тәжірибенің маңызы өте зор.



## Отыру, қорғану, сүйену.

- Ең алдымен қауіпсіз жерді тауып, сол жерге отырыңыз.
- Басыңызды және мойныңызды қорғаңыз.
- Қатты әрі мықты нәрсеге сүйеніңіз.






# Жер сілкінісі кезінде не істеу керек ?

## Егер сіз ғимарат ішінде болсаңыз :

Сабыр сақтаңыз. Егер сіз бір қабатты үйде тұрсаңыз және жер сілкінісін байқаған болсаңыз, ақырындап және жылдам далаға шығыңыз.

Ғимараттан шығу кезінде жоғарыдан құлап жататын кірпіштерден, электр желісінен абайлаңыз. Егер сіз басқа бір ғимараттың бірінші қабытынан жоғары немесе төмен болсаңыз, тізерлеп отырып, басыңыз бен мойныңызды бүркеніз, ерік-жігеріңізді жиып, күте тұрыңыз. Терезе мен сыртқы қабырғалардан алыс тұрыңыз. Мүмкіндігінше қатты үстелдің астына жасырыныңыз. Егер ол әрекетіңіз іске аспаса, екі арқалықтың арасында тұрыңыз немесе бөлме ішіндегі бұрышқа отырыңыз. Басқа жағдайларда, есіктер мен қабырғалардың ішкі бұрыштарына жақын, бірақ терезе мен ауыр жабдықтардан алыс орналасқан төсек пен диван жанына отырыңыз. Жер сілкінісі біткенше отыра тұрыңыз. Далаға қарай жүгірмеңіз.



## Егер сіз сыртта болсаңыз :

Электр жүйелерінен, ағаштардан және ғимараттардан алыс, ашық жерлерге шығып тұрыңыз.

## Егер сіз көлікте болсаңыз :

Ашық жерге барып, көлігіңізді тоқтатыңыз. Көпірлерден, тоннелдерден және электр жүйелерінен қашық тұрыңыз.

## Қаланың тар көшелерінде

Мұндай көшелерде қауіпсіз жер өте аз болады. Сондықтан



# Жер сілкінісі кезінде не істемеу керек ?



- Баспалдақты алаңқайға немесе сыртқа шығатын есікке қарай жүгірмеңіз.
- Балконға шықпаңыз.
- Балконнан немесе терезеден секірмеңіз.
- Лифтіні қолданбаңыз.



# Жер сілкінісінен кейін қандай іс-әрекет жасалынбауы керек ?

- **Үрейленбеңіз, жүгірмеңіз, сабаңызға түсіңіз.**



- **Телефонды тек дене жарақатын алғанда және өрт шыққан жағдайда ғана қолдану керектігін есіңізде ұстаңыз. Мүмкін сізде бәрі дұрыс болар, бірақ басқа біреуге жедел көмек қажет болып тұрған шығар.**



- **Газдың иісі мен оның шығып кету қаупінің жоқ екендігіне көз жеткізген соң ғана от жағуға болады.**




# Жер сілкінісінен кейін не істеу қажет ?

## Сабыр сақтаңыз. Дүрлікпеңіз.

### Ғимарат ішінде

- Жан-жағыңызға қарап, зардап шеккендерге көмек көрсетіңіз.
- Егер газдың иісін сезсеңіз, мүмкіндігінше газды өшіріңіз, есік-терезені ашып, тез арада ғимараттан шығыңыз.
- Жаныңызда тұрған кісілерге көмек көрсетіңіз, олардың да сабасына келуіне көмектесіңіз.
- Егер үйіңізге зақым келмеген болса, телефон трубкасының орнына қойылғандығын тексеріңіз.
- Қауіпті және улы заттардың бүтіндігін тексеріңіз.







# Жер сілкінісінен кейін не істеу керек?

## Сыртта



- **Сабырлы қалыпқа келіп, ахуалды сараптауға зейін қойыңыз.**
- **Зақымданған ғимараттан алшақ тұрыңыз. Олардың ойламаған жерден төмен қарай құлап түсуі мүмкін. Бұдан басқа да газдың шығуы, электр желісінің зақымдануы, әйнектердің сынуы сияқты және т.б. қауіптер бар.**
- **Зардап шеккендерге жәрдемдесіңіз. Алғашқы дәрігерлік көмек көрсетіп, мұқтаж жандарға дәрігерді жіберіңіз.**
- **Егер сіздің еріктілік дайындығыңыз болса және алғашқы дәрігерлік көмек көрсету мен іздестіру-құтқару жұмыстарынан тиісті тәжірибеңіз болса, онда ең алдымен сіздің жаныңызда көмек қажетсініп отырғандар жоқ па екен, соны тексеріп алып, содан кейін ғана қалғандармен бірге басқаларға көмектесіңіз.**



# Эвакуация

## Стихиялық апат алдында:


- Үйден, мектептен және жұмыс орныңыздан эвакуациялаудың жоспарымен танысып шығыңыз.
- Жанұяңызбен кездесетін қауіпсіз жерді белгілеп алыңыз.
- Апат кезінде бірінші кезекте қажет болатын керекті заттар салынған сөмкеңізді, қажетті құжаттарыңызбен бірге дайындап қойыңыз.
- Радиоқабылдағыштың батарейкаларын тексеріп қойыңыз.

## Алдын-ала ескерту белгісін алысымен:

- Радио тыңдаңыз.
- Ресми нұсқауларды орындаңыз.

## Егер эвакуация жарияланса:

- Ресми биліктің нұсқауларын орындаңыз және белгіленген бағыттан ауытқымаңыз.
- Мықты аяқ киім, қаусырма сырт киім киіп алыңыз.
- Төтенше жағдайға деп дайындаған сөмкеңізді алыңыз.



# Эвакуация

## Ғимараттан эвакуациялау.

Ғимараттан шығар алдында абай болыңыз. Асықпаңыз.

Кім біледі, ғимараттың ішіндегі қауіптен сырттағы қауіп басым шығар.

Мүмкін сыртта адамдар жиналатын қауіпсіз орын табылмайтын шығар.

Мүмкін белгілі бір шығу бағыты болмайтын шығар.

## Аймақтан эвакуациялау.

Көшіру алдында қауіпсіз орын мен оған жететін қауіпсіз бағыттың бар екендігіне көз жеткізіңіз.

Жер сілкінісінен кейін адамдарды бірқатар нысандардан көшіру керек болады. Оның бірнеше себептері бар:

Өзен жағасына таяу орналасқан аласа жерлер.

Өрт немесе қауіпті химиялық заттар

Сел, көшкін, тасқын, қар көшкіні қаупі.

## Мектептен эвакуациялау.

Жер сілкінісінен кейін балаларды қауіпті жерлерден көшірерде қоғамдық көлікті қолданбаңыз. Алдымен, жүру бағытының және белгіленген орынның қауіпсіз екендігіне көз жеткізіңіз.

Балалардың қауіпсіздігіне кәміл сенгеніңізде ғана, оларды үйіне, туыстарына жібере аласыз.



# Афтершоктар

Көптеген жағдайларда күшті жер сілкінісінен кейін афтершоктар болады. Бұл табиғи заңдылық.





Афтершоктар зақымданған үйлерге қосымша зақым әкелуі мүмкін.

Афтершок кезінде дүрлікпеңіз. Негізгі сілкініс кезінде өзіңізді қалай ұстасаңыз, афтершок кезінде де өзіңізді сол қалыпта ұстауға тырысыңыз.



# Сіз әрекет жасауыңыз керек

Көптеген адамдар стихиялық апат кезінде қандай іс-әрекеттердің жасалуы керектігін жақсы білгенмен, оларды қалай тиімді әрі қатерсіз қолдану керектігін білмейді.



ҚҰРБАН БОЛҒАНДАРДЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ  
ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ КЕЗІНДЕ АТҚАРЫЛАТЫН ҚИМЫЛДАР



# Төтенше жағдай кезіндегі басқару жүйесі


ҮКІМЕТ

Жергілікті басқару  
орындары  
(обл / аудан / ірі қалалар)

Аймақтар және респ.  
дәрежедегі аймақтар

Көршілес қалалар/  
ауылдар/

Көшелер/кәсіпорын-дар/  
жалпы кешен.





# Алғашқы жедел көмек

Егер сіз жарақат алғандарды тасымалдау жөніндегі ережемен таныс болсаңыз, жарадар адамдардың өміріне қосымша қатер төндірмеу үшін, оларды бір орыннан екінші орынға қозғамаңыз.

Алдымен қауіпсіздікті, содан соң жаралы адамның жағдайын тексеріңіз.

Көмекке адам шақырыңыз.

Қансырауды

Үрейленуді

Өрттің таралуын

Жаралы адамның денесіндегі жарақатты қадағалап отырыңыз.

Биологиялық немесе радиологиялық қалдықтардың ауаға таралуы туралы біліп отырыңыз.

Сақтану шараларын қолданыңыз

Бұл жөніндегі машықты алғашқы көмек көрсету сабақтарынан игере аласыз.



# Психологиялық көмек

**Стихиялық апаттар адамдарға әр түрлі әсер етеді. Төтенше жағдайлар кезінде адам мінезінде бірқатар өзгерістер пайда болады. Осындай тосын жағдайларда адамдардың кейбір мінез—құлқы мен іс—әрекеті қалыпты болып саналады. Стихиялық апат кезінде адамдар көп зардап шегеді. Адам басына үлкен ауыртпалық түседі. Осының салдарынан адамдардың эмоциялық есеңгіреп қалуы қалыпты жәйт.**

**Төтенше жағдайлар кезінде:**

**қорқыныш**

**сенімсіздік**

**бағыттан адасу**

**дәрменсіздік**

**дүние-мүліктен айырылып қаламын деген қорқыныш**

**ақпарат алудың қажеттілігі**

**көмек іздеу**

**көмек ұсыну сықылды әрекеттер төтенше жағдайлар кезінде қалыпты құбылыс.**



# Психологиялық көмек

Бұлардан  
кейін басқа  
да кері  
әсерлердің  
болуы  
мүмкін

Тәбет өзгерісі

Алаңдаушылық

Тітіркену және күдіктену

Енжарлық пен жабығушылық

Жылап-сықтау

Уайым-қайғыға салыну, дәрменсіздік

Көңіл-күйдің болмауы, ашуланшақтық

Дерттің асқынуы

Ұйқының бұзылуы

Бас ауруы

Жан-жақтан келген көмектен түңілушілік

Жанұя мен жолдас-жорадан оқшаулану

Өзін-өзі айыптау

Күнделікті тіршілікке қанағаттанбаушылық




# Балалар

**Балалардың сана-сезімінде үрей  
қалыптасуының мынандай белгілері  
болуы мүмкін:**



- әке-шешелерінің әрдайым өздерінің  
жанында болуын талап етуі.  
ұйқыға ықылассыздық.**
- бастығырылу, қорқынышты түстер көру**
  - ойлау қабілетінің бұзылуы.**
  - мектепке барудан бастарту.**





# Өзіңізге қалай көмек көрсете алар едіңіз ?

## Эмоциялық:


Өзіңіздің жан-жүрегіңізді тыңдаңыз, сезімдеріңіз бен әсерлеріңізді басқалармен бөлісіңіз, олардың көмегін сол қалпында қабылдаңыз.

Біреуді құшақтаңыз. Қауышудың өзі кісіге зор әсерін тигізеді.

Басқаның көңіл-күйіне қарап, оның сезімін бағалай біліңіз, әңгімесін ыждаһаттылықпен тыңдап, өзіңіздің жақсы тыңдаушысы екендігіңізді көрсетіңіз. Балалармен бірге көп уақыт өткізіңіз, шыдамды болыңыз.

Дем алыңыз.

Дене шынықтыру жаттығуларын жасаңыз.





## V. Келесі қадамдар




- Алғашқы 72 сағат ішінде көрсетілетін көмек жөніндегі мәліметтер.
- Төтенше жағдай кезінде атқарылатын іс-әрекет/төтенше жағдай кезіндегі басқару
- Көршілермен бірге жұмыс жоспарын құру.

# Стихиялық апаттарға дайындық тәсілдері



Төтенше жағдайдан кейінгі 72 сағат ішіндегі көмектің біразы көршілерден келеді:



- Төтенше жағдайлар кезінде көрсетілетін алғашқы көмек.


- Құтқару жқмыстары.

- Өрт сөндіру.


- Іс-қимылдың орынды атқарылуын ұйымдастыру



# Көп мәселелермен таныс болуыңыз керек



# Сіз қаншалықты дайынсыз?



**Қауіп- қатер жөнінде хабардар болу**  
**Әзірлік жұмыстары жөніндегі мәліметтер**  
**Төтенше жағдайлар кезінде өзін қалай**  
**ұстау жөніндегі ережелер**  
**Құрылымдық емес қауіпсіздік**  
**Құрылымдық қауіпсіздік**



# 1. Орталық Азияда орналасқан ірі қалаларға таяу жерлерде жойқын жер сілкінісінің болуы мүмкін бе және оны қашан күтуге болады?

**А**

**Болуы мүмкін.  
Немесе жоқ.  
Ешкім білмейді.**



**Ә**

**Күшті жер  
сілкінісінің  
болуы мүмкін  
және ол күннен  
күнге өсуде.**



**Б**

**Ғалымдар жер  
сілкінісінің болуын  
алдын-ала  
хабарлайды.**

**April 25,  
1966**

## 2. Өзіңізді қанша мөлшердегі сумен қамтамасыз етуіңіз керек ?

**А**

Жан басына 1-2  
бөтелке су



**Ә**

Жан басына 3  
күнге 4 литр су  
Барлығы: бір  
адамға 12 литр су



**Б**

Қажеті жоқ.  
Бұл жәй лақап.



### 3. Жер сілкінісінен кейін адам өмірін сақтап қалу үшін қандай шараларды Сіз тиімдірек деп санайсыз ?

**А**

Газ құбырларының  
жарылып кетпегеніне  
көз жеткізбей от  
қпаңыз.



Телефонды жарақат  
алғаныңызда және өрт  
шыққан жағдайда ғана  
қолданыңыз.



**Ә**

03-Жедел жәрдем қызметі  
мен 01-Өрт сөндіру  
қызметіне телефон соғу.



**Б**

Ғимараттан шығу. Өзіңізбен  
бірге апат кезінде бірінші  
кезекте қажет болатын  
заттар салынған сөмкені  
ұмытпай алып шығу.



## 4. Төтенше жағдайдан кейінгі алғашқы 72 сағат ішінде көмекті кім көрсетеді?

**А**

Алыстағы  
туыстар мен  
жолдастар



**Ә**

Милиция,  
Төтенше  
жағдай  
агенттігі, АҚ,  
әскери  
қызметкерлер,  
дәрігерлер



**Б**

Айналаңызд  
ағы адамдар.



**В**

Қалалық  
іздестіру-  
құтқару тобы,  
Қызыл Жарты  
Ай және  
халықаралық  
ұйымдар



**5. Жер сілкінісі кезінде туатын қауіпті азайту үшін, сондай-ақ жарақат алып қалмау үшін Сіз қандай шараларда алдын-ала қолданар едіңіз ?**

**А**

**Далаға  
тез жүгіріп шығу  
тәсілдерін үйрену**



**Ә**

**Ауыр жиһаздарды  
қабырғаға бекіту.  
Шамды және аяқ  
қиімді төсек  
жанына қою.**



**Б**

**Терезеден  
секіріп шығу.**






## 6. Жанұяңыздың төтенше жағдайларға дайын тұруы үшін қандай шараларды қолданар едіңіз?

**А**

Алғашқы дәрігерлік  
көмек көрсету  
курстарында дәріс алу




**Ә**

Жір сілкінісі бола  
қалған жағдайда  
барынша қауіпсіз  
орынды таба білу



**Б**

Жанұя мүшелерінің  
белгілі-бір  
жиналатын орны болуы  
керек. Газ, су,  
электрді сөндіруді үйрену.  
Өрт сөндіргішті  
қолдану тәсілін білу.



## 7. Мына жоспарланған қадамдардың қайсысын сіз қолдана білдіңіз ?

**А.** Жанұямызбен бірге төтенше жағдайларға әзірлік жоспарын талқыладық.




**Ә.** Телефонды тек қана жарақат алғанда және өрт қауіпі төнгенде ғана қолдануымыз керектігін біз жақсы білеміз.



**Б.** Хабарды үзіліссіз жүргізу үшін басқа ауданнан бір адамды дайындап қойдық.



**В.** Қауіпсіз жерге көшіру бағытын және адамдардың жиналатын орнын анықтадық.



## 8. Сізде осы қордың қайсысы бар ?

**А.** Ауыз су қоры



**Ә.** Азық-түлік қоры



**Б.** Төтенше жағдай кезінде  
керек болатын заттар жинағы



**В.** Алғашқы дәрігерлік көмек  
көрсетуге негізделген жиынтық



**Г.** Батарейкалармен жүретін ра



**Д.** Шам және батарейкалар



**Е.** Өрт сөндіргіш



## 9. Мына физикалық қорғаныс шараларының қайсысын атқардыңыз ?

**А.** Аяқ киім, қолғап және шам төсектің жанында тұр




**Ә.** Ауыр және үлкен жиһаздарды қабырғаға бекіттік



**Б.** Жер сілкінісінен соң от жағуға болмайтындығын білеміз



**В.** Үйдің сейсмикалық қауіпсіздігін құрылысшы- инженер тексерген




**Д.** Үйдің сейсмикалық қауіпсіздігі күшейтілген



## 10. Сіз осылардың қайсысын білемін деп ойлайсыз ?

**А.** Тұрмыстық аспаптарды қалай сөндіруді



**Ә.** Алғашқы дәрігерлік көмек көрсетуді



**Б.** Өрт сөндіргішті пайдалану жолдарын



**В.** Жеңіл іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізуді





**11. Сіздің ойыңызша күшті жер сілкінісі кезінде үй ішіндегі заттардан зардап шегіп, жарақат алатын адамдардың жалпы көрсеткіші қанша болмақ ?**

**А. 10%**

**Ә. 25%**

**Б. 50%**

**В. 75%**



## 12. Құрылымдық емес қауіпті азайту...

**А.** ...даярлығы жоғары мамандармен атқарылуы тиіс

**Ә.** ...қатты зақымдалуы мүмкін үйлерге мұның мүлде қажеті жоқ

**Б** ....жергілікті сауда орындарында табылатын құрал-жабдықтарды пайдалануға болады

**В.** ...шет елдерден әкелінетін құрал-жабдықтарды қолдану арқылы жүзеге асыруға болады

### 3. Сейсмикалық қауіпсіздікті күшейту үшін топырақ түрін ескеру қажет

А. Өйткені, құрылыс тек топырағы нығыз, қатты жерге салынуы тиіс.

Ә. Өйткені, үйдің жобасы мен іргетасын қалар алдында топырақ түрін анықтаған жөн.


Б. Топырақ түрін анықтаудың мүлде қажеті жоқ.

# 14. Орталық Азия елдерінде салынатын мына ғимараттардың қайсысын Сіз барынша сейсмикалық қауіпсіз тобына жатқызар едіңіз?

**А.** кірпіштен қаланатын үйлер



**Ә.** қаңқалы және монолитті үйлер



**Б.** саз-балшықтан және саманнан салынған үйлер



**Г.** бетоннан құйылған ірі панельді үйлер



# 15. Осы аталған үйлердің қай түріне ылғалдылық әсері көп тиеді ?




**А**

**Кірпіштен  
қаланған  
үйлерге**



**Ә**

**Ірі панелді  
үйлерге**




**Б**

**Саздан және  
саманнан  
салынған  
үйлерге**



**В**

**Үйлердің  
барлық  
түріне**





- Біз Жер бетінде орнықты орналасқанбыз.
- Бірақ жер кенеттен сілкіне қалса, бізде онымен бірге қозғаламыз.
- Біз дайынбыз. Төтенше жағдайлар кезінде туатын қауіптің алдын алу шараларына бағытталған мағлұматтарға сүйене отырып, өз енжарлығымызды және әлсіздігімізді сеніміміз бен дайындығымызға ауыстырамыз.


**Жер сілкінісі кезінде біз барлығымыз да біргеміз!**



**Бүгін бізбен бірге  
болғаныңыз үшін  
рақмет!**




# Әуезов ауданындағы баспанасыз қалғандардың жиналатын орны



1	Спортилошадка СШ №72	ул. Сүлеймонова 16
2	Спортилошадка СШ №97	микрорайон- 1
3	Спортилошадка СШ №132	икрорайон «Ақсай- 4»
4	Спортилошадка СШ №149	пос. Кирова, ул. Ленина 63
5	Спортилошадка СШ №121	Микрорайон « Ақсай- 2»
6	Спортилошадка СШ №130	микрорайон «Тастак-1»
7	Спортилошадка СШ №82	ул. Ахрименко 4


# Алмалы ауданындағы баспанасыз қалғандардың жиналатын орны



1	Стадион «Динамо»	ул. Наурызбай батыра 89
2	Стадион «Медик»	ул. Шевченко 108
3	Спортиплощадка СШ №95	ул. Шарипова 53
4	Спортиплощадка школы № 14	ул. Сокпакбаева 1
5	Стадион УТК ЦСКА	пр. Абая 159а




# Бостандық ауданындағы баспанасыз қалғандардың жиналатын орны



1	Площадь Республики	ул. Сатпаева уг. ул. Желтоқсан
2	Казахстанский ЦДС «Атакент»	ул. Тимирязева 42
3	Центральный стадион	пр. Абая 48
4	Стадион Каз.ГАСА	ул. Рыскулбекова 28




# Жетісу ауданындағы баспанасыз қалғандардың жиналатын орны




1	Аэровокзал компании «Әір Қазақстан»	ул. Желтоқсан 59
2	АО «Алматы ет»	ул. Полежаева 92а
3	Профтехлицей № 16	ул. Авангардная 270

# Медеу ауданындағы баспанасыз қалғандардың жиналатын орны



1	Центральный парк Ки О	пр. Гоголя ул.ул.Бузурбаева
2	Спортиплощадка КазГАУ	пр. Абая 8
3	Площадь Дворца школьников	пр. Достык 114
4	Клуб «Достар»	ул. Маметовой 89
4	НПО «Казгеофизика»	Кульджинский тракт 1 км.
5	Институт профразвития кадров	ул. Кабылова,50

# Түркісіб ауданындағы жойылған жиналу орны



1	Автодром «Отан»	ул. Майлина 2-угул.Б.Хмельницкого
2	Аэропортовское кольцо	ул. Майлина уг. Талгарское шоссе